

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға лицензия беру қағидаларын, Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың банк операцияларын жүргізу үшін біліктілік талаптарын, сондай-ақ көрсетілген біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2026 жылғы 31 наурыздағы № 29 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 3 сәуірде № 38308 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз.

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 19-бабының 22-тармағына, 22-бабының 8-тармағына, "Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 2-бабының 4-тармағына және 5-3-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 63-бабының 1-тармағына, 80-бабының 2-тармағына және 88-бабы 2-тармағының 15) тармақшасына, "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына, "Пошта туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 23-бабының 3-тармағына, "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 28-бабы 1-тармағының 19) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға лицензия беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар);

2) Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың банк операцияларын жүргізу үшін біліктілік талаптары, сондай-ақ көрсетілген біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттардың тізбесі (бұдан әрі – Талаптар) бекітілсін.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі Басқармасының кейбір қаулыларының, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасы қаулысының және Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту

агенттігі Басқармасының кейбір қаулыларының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі Басқармасының кейбір қаулыларының, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасы қаулыларының және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы қаулысының жекелеген құрылымдық элементтерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Банктерді реттеу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мына:

Қағидалардың 1-тармағы екінші бөлігінің қолданылуы тоқтатыла тұрған кезеңде бұл бөліктің мынадай редакцияда қолданылатынын:

"Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпарат тиісті нормативтік құқықтық акт бекітілген немесе өзгертілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында орналастырылады, " электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына және Бірыңғай байланыс орталығына жіберіледі.";

Қағидалардың 2-тармағының қолданылуы тоқтатыла тұрған кезеңде бұл тармақтың мынадай редакцияда қолданылатынын:

"2. Қағидаларда Банктер туралы заңда, Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңда, Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңда, "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" және "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының заңдарында көрсетілген мәндерде қолданылатын ұғымдар пайдаланылады.";

Қағидалардың 4-тармағының қолданылуы тоқтатыла тұрған кезеңде бұл тармақтың мынадай редакцияда қолданылатынын:

"4. Талап етілетін құжаттар мен мәліметтерді қоса бере отырып, Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге

асыруға арналған лицензия беру туралы өтініш уәкілетті органға қағаз жеткізгіште не " электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы электрондық түрде ұсынылады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынады (байланыс телефондарын және байланысатын адамдардың электрондық почтасының мекенжайларын көрсете отырып).

Көрсетілетін қызметті алушы өтінішті портал арқылы жіберген кезде "жеке кабинетте" нәтижені алу күні мен уақыты көрсетіле отырып мемлекеттік қызмет көрсетуге сұратудың қабылданғаны туралы мәртебе автоматты түрде көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету кезеңі туралы ақпарат мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесінде автоматты режимде жаңартылады.";

Қағидалардың 5-тармағы бесінші бөлігінің қолданылуы тоқтатыла тұрған кезеңде бұл бөліктің мынадай редакцияда қолданылатынын:

"Уәкілетті орган мемлекеттік қызметтер көрсету үшін пайдаланылатын ақпараттық жүйелерден немесе цифрлық құжаттар сервисінен:

Қазақстан Республикасының резидент жеке тұлғасының жеке басын куәландыратын ;

Қазақстан Республикасының резидент жеке тұлғасында алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқ екенін растайтын;

Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғасын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттарда көрсетілген мәліметтерді алады.";

Қағидалардың 6-тармағының қолданылуы тоқтатыла тұрған кезеңде бұл тармақтың мынадай редакцияда қолданылатынын:

"6. Лицензиялық алымды төлеу екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасы аумағында ашылған Қазақстан Республикасы бейрезидент банктерінің филиалдары немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз нысанда, сондай-ақ "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады.";

Қағидаларға 1-қосымшаның 2-тармағының қолданылуы тоқтатыла тұрған кезеңде бұл тармақтың мынадай редакцияда қолданылатынын:

"

2.	Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері	"Электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал); көрсетілетін қызметті берушінің келісімі
----	--	--

;

Қағидаларға 1-қосымшаның 6-тармағы төртінші абзацының қолданылуы тоқтатыла тұрған кезеңде бұл абзацтың мынадай редакцияда қолданылатынын:

"Лицензиялық алымды төлеу екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасының аумағында ашылған Қазақстан Республикасы бейрезидент банктерінің филиалдары немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз нысанда, сондай-ақ "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады.";

Қағидаларға 1-қосымшаның 8-тармағының бірінші бөлігі 2) тармақшасының қолданылуы тоқтатыла тұрған кезеңде бұл тармақшаның мынадай редакцияда қолданылатынын:

"2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыру құқығы үшін лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;"

Қағидаларға 1-қосымшаның 8-тармағының екінші бөлігі 2) тармақшасының қолданылуы тоқтатыла тұрған кезеңде бұл тармақшаның мынадай редакцияда қолданылатынын:

"2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыру құқығы үшін лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;"

Қағидаларға 1-қосымшаның 8-тармағының үшінші бөлігі 2) тармақшасының қолданылуы тоқтатыла тұрған кезеңде бұл тармақшаның мынадай редакцияда қолданылатынын:

"2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы ақы төлеу жағдайларын қоспағанда, лицензияның телнұсқасын бергені үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі.";

Қағидаларға 1-қосымшаның 8-тармағының төртінші бөлігі 2) және 3) тармақшаларының қолданылуы тоқтатыла тұрған кезеңде бұл тармақшалардың мынадай редакцияда қолданылатынын:

"2) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, лицензияны қайта ресімдегені үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

3) олардың ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны қайта ресімдеуге негіз болған өзгерістер туралы ақпаратты қамтитын құжаттардың электрондық көшірмелері.";

Қағидаларға 1-қосымшаның 8-тармағының бесінші бөлігі 3) және 4) тармақшаларының қолданылуы тоқтатыла тұрған кезеңде бұл тармақшалардың мынадай редакцияда қолданылатынын:

"3) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, лицензияны қайта ресімдегені үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

4) олардың ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны қайта ресімдеуге негіз болған өзгерістер туралы ақпаратты қамтитын құжаттардың көшірмелері.";

Қағидаларға 2-қосымшаның 4-тармағы төртінші бөлігінің қолданылуы тоқтатыла тұрған кезеңде бұл бөліктің мынадай редакцияда қолданылатынын:

"Көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.";

Қағидаларға 4-қосымшаның 3-тармағы үшінші бөлігінің қолданылуы тоқтатыла тұрған кезеңде бұл бөліктің мынадай редакцияда қолданылатынын:

"Көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.";

Қағидаларға 5-қосымшаның сегізінші абзацының қолданылуы тоқтатыла тұрған кезеңде бұл абзацтың мынадай редакцияда қолданылатынын:

"Көрсетілетін қызметті алушы ақпарат жүйелеріндегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.";

Талаптарға 1-қосымшаның 11-тармағы екінші бөлігінің қолданылуы тоқтатыла тұрған кезеңде бұл бөліктің мынадай редакцияда қолданылатынын:

"Дербес деректерді жинауға, өңдеуге және ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.";

Талаптарға 2-қосымшаның 10-тармағы үшінші бөлігінің қолданылуы тоқтатыла тұрған кезеңде бұл бөліктің мынадай редакцияда қолданылатынын:

"Мемлекеттік қызметті көрсетуге қажетті дербес деректерді жинау мен өңдеуге және заңмен қорғалатын құпиядан тұратын, ақпараттық жүйелердегі мәліметтерді пайдалануға келісім беремін."

белгілей отырып, олардың қолданылуы 2026 жылғы 12 шілдеге дейін тоқтатыла тұрсын.

*Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту Агенттігінің Төрағасы*

М. Абылкасымова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрлігі

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және дамыту
Агенттігінің Басқармасының

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға лицензия беру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға лицензия беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Банктер туралы заң) 19-бабының 22-тармағына, 22-бабының 8-тармағына, "Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 2-бабының 4-тармағына және 5-3-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 63-бабының 1-тармағына, 80-бабының 2-тармағына және 88-бабы 2-тармағының 15) тармақшасына, "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік реттеу туралы заң) 9-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына, "Пошта туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 23-бабының 3-тармағына, "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі - Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң) 10-бабының 1) тармақшасына, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Рұқсаттар және хабарламалар туралы заң) 28-бабы 1-тармағының 19) тармақшасына сәйкес әзірленді және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган, көрсетілетін қызметті беруші) айрықша қызметі банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау болып табылатын заңды тұлғаларды және өз қызметін тек айырбастау пункттері арқылы жүзеге асыратын заңды тұлғаларды қоспағанда, Банктер туралы заңның 22-бабы 8-тармағының екінші бөлігінде көрсетілген ұйымдарға (бұдан әрі – өтініш беруші, көрсетілетін қызметті алушы) лицензия беру тәртібін айқындайды.

Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпарат тиісті нормативтік құқықтық акт бекітілген немесе өзгертілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында орналастырылады, "цифрлық үкіметтің" цифрлық инфрақұрылымының операторына және Бірыңғай байланыс орталығына жіберіледі.

2. Қағидаларда Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексінде, Банктер туралы заңда, Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңда, Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңда, "Киберқауіпсіздік туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көрсетілген мәндерде қолданылатын ұғымдар пайдаланылады.

2-тарау. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензия беру тәртібі

3. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны мен нәтижесін, мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесін, мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздерді, мемлекеттік қызметті көрсету мерзімін, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де талаптарды қамтитын Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі (бұдан әрі – Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі) Қағидаларға 1-қосымшада келтірілген.

4. Талап етілетін құжаттар мен мәліметтерді қоса бере отырып, Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензия беру туралы өтініш уәкілетті органға қағаз жеткізгіште не "цифрлық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы электрондық түрде ұсынылады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынады (байланыс телефондарын және байланысатын адамдардың электрондық почтасының мекенжайларын көрсете отырып).

Көрсетілетін қызметті алушы өтінішті портал арқылы жіберген кезде "жеке кабинетте" нәтижені алу күні мен уақыты көрсетіле отырып мемлекеттік қызмет көрсетуге сұратудың қабылданғаны туралы мәртебе автоматты түрде көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету кезеңі туралы ақпарат мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің цифрлық жүйесінде автоматты режимде жаңартылады.

5. Қағаз жеткізгіште ұсынылатын, бірнеше парақтан тұратын құжаттар нөмірленіп және соңғы парақтың сыртында тігіс түйініне желімделген жапсырма қағазда саны көрсетіле отырып тігілген күйінде ұсынылады.

Құжаттардың көшірмелері көрсетілетін қызметті алушының атқарушы органы басшысының не оның міндетін атқарушы адамның (міндетін атқаруды жүктеу туралы растайтын құжаттың көшірмесін ұсына отырып) тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) қолтаңбасымен тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) және ұсынылып отырған құжаттар көшірмелерінің дұрыстығы көрсетіле отырып расталады.

Шет мемлекеттердің құзыретті органдары немесе лауазымды тұлғалары берген құжаттар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес заңдастырылуға не апостильдеуге жатады (Қазақстан Республикасының бейрезидент жеке тұлғасының жеке басын куәландыратын құжаттарды қоспағанда).

Шет тілінде ұсынылатын құжаттар қазақ тіліне және қажет болған кезде орыс тіліне аударылады және Қазақстан Республикасының нотариат туралы заңнамасына сәйкес нотариат куәландыруға тиіс болады.

Уәкілетті орган мемлекеттік қызметтер көрсету үшін пайдаланылатын цифрлық жүйелерден немесе цифрлық құжаттар сервисінен:

Қазақстан Республикасының резидент жеке тұлғасының жеке басын куәландыратын ;

Қазақстан Республикасының резидент жеке тұлғасында алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқ екенін растайтын;

Қазақстан Республикасының резидент заңды тұлғасын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттарда көрсетілген мәліметтерді алады.

6. Лицензиялық алымды төлеу екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасы аумағында ашылған Қазақстан Республикасы бейрезидент банктерінің филиалдары немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз нысанда, сондай-ақ "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады.

7. Көрсетілетін қызметті берушінің хат-хабарды қабылдауға және тіркеуге уәкілетті қызметкері банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензия беру туралы өтініш түскен күні оны қабылдауды, тіркеуді және орындау үшін мемлекеттік қызметті көрсету үшін жауапты бөлімшеге (бұдан әрі – жауапты бөлімше) жіберуді жүзеге асырады. Көрсетілетін қызметті алушының өтініші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Мерекелер туралы заң) сәйкес демалыс және мереке күндері түскен кезде өтініштерді қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Жауапты бөлімшенің қызметкері банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензия беру туралы өтініш тіркелген күннен кейінгі 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі және (немесе) қолданыс мерзімінің өтіп кеткен құжаттар анықталған жағдайда, жауапты бөлімше өтініш берушінің құжаттарын алған күннен кейінгі 2 (екі) жұмыс күні ішінде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды және жібереді.

8. Ұсынылған құжаттардың толық болу және (немесе) қолданыс мерзімінің өтпеу фактісі анықталған кезде жауапты бөлімшенің қызметкері мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі ішінде оларды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан қарайды

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензия беруден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде уәкілетті орган көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігін беру үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылданғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы хабарламаны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды қарау, тыңдау нәтижелері бойынша жауапты бөлімше банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензия беру туралы бұйрықтың жобасын не оны беруден дәлелді бас тартуды дайындайды және оны уәкілетті тұлғаға қарауға жібереді. Көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасы банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензия беру туралы бұйрықтың жобасына не Қағидаларға 1-қосымшаның 9-тармағында көзделген негіздер бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензия беруден дәлелді бас тартуға қол қояды.

Жауапты бөлімшенің қызметкері көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасы тиісті шешім қабылдаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде (мемлекеттік қызметті көрсету мерзімінің шегінде) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы көрсетілетін қызметті алушыға банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензияны қоса бере отырып банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензияны беру туралы хабарламаны не банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензияны беруден дәлелді бас тартуды жібереді.

Порталда лицензияның электрондық көшірмесін қоса бере отырып, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензияны беру туралы хабарлама не банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензияны беруден дәлелді бас тарту көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинетке" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦК) куәландырылған электрондық құжат нысанда жіберіледі.

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензия беруден бас тарту үшін Тізбенің 9-тармағында көзделген негіздерді қоспағанда, көрсетілетін қызметті алушы банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензия алу үшін ұсынған құжаттар Банктер туралы заңның және Қағидалардың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші оларды қараудың Тізбенің 3-тармағында көрсетілген мерзімі ішінде көрсетілетін қызметті алушыға оларды жоюға және Қазақстан Республикасының банктік заңнамасының талаптарына сәйкес келетін, пысықталған (түзетілген) құжаттарды ұсынуға арналған ескертулер көрсетілген хатты жібереді.

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензия беруден бас тартуға негіздер болған кезде өтінішті қарау мерзімі көрсетілетін қызметті беруші басшысының немесе оның орынбасарының дәлелді шешімімен ақылға қонымды мерзімге, бірақ өтінішті дұрыс қарау үшін маңызы бар нақты мән-жайларды анықтау қажеттілігіне байланысты осындай шешім қабылданған күннен бастап 2 (екі) айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін, бұл туралы Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі (бұдан әрі - ӘРПК) 76-бабының үшінші бөлігіне сәйкес мерзім ұзартылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушыға хабарланады.

9. Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензия беру туралы шешім қабылдаған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушыға Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензия беріледі.

3-тарау. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензияны қайта ресімдеу, телнұсқасын беру, қолданылуын тоқтата тұру не тоқтату тәртібі

10. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензияны қайта ресімдеу Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңда белгіленген негіздер бойынша және тәртіппен, оның ішінде:

- 1) көрсетілетін қызметті алушы Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңның 34-бабында айқындалған тәртіпке сәйкес қайта ұйымдастырылған;
- 2) көрсетілетін қызметті алушының атауы өзгерген;
- 3) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талап болған жағдайларда жүргізіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензияны қайта ресімдеу туралы өтінішпен көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы не электрондық түрде портал арқылы қағаз жеткізгіште жүгінеді.

11. Хат-хабарларды қабылдауға және тіркеуге уәкілетті көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш келіп түскен күні оны қабылдауды, тіркеуді және жауапты бөлімшеге орындауға жіберуді жүзеге асырады. Көрсетілетін қызметті алушының өтініші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және Мерекелер туралы заңға сәйкес демалыс және мереке күндері келіп түскен кезде өтініштерді қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Жауапты бөлімшенің қызметкері банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш тіркелген күннен кейінгі 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттар анықталған жағдайда жауапты бөлімше өтініш берушінің құжаттарын алған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензияны қайта ресімдеу туралы өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды және жібереді.

12. Ұсынылған құжаттардың толық болу және (немесе) қолданылу мерзімінің өтпеу фактісі анықталған жағдайда жауапты бөлімшенің қызметкері мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі ішінде оларды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан қарайды.

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензияны қайта ресімдеуден бас тарту үшін негіздер анықталған жағдайда уәкілетті орган көрсетілетін қызметті алушыға лицензияны қайта ресімдеуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіруге мүмкіндік беру үшін тыңдау өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылданғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы хабарламаны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды қарау, тыңдау нәтижелері бойынша жауапты бөлімше банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензияны қайта ресімдеу туралы не банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензия беруден дәлелді бас тарту туралы бұйрықтың жобасын дайындайды және көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының қарауына жібереді. Көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасы банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензияны қайта ресімдеу туралы бұйрыққа не банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензияны қайта ресімдеуден дәлелді бас тартуға қол қояды.

Жауапты бөлімшенің қызметкері көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасы тиісті шешім қабылдаған күннен кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде (мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі шегінде) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы көрсетілетін қызметті алушыға банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға қайта ресімделген лицензияны қоса бере отырып, банк операцияларының жекелеген түрлерін

жүзеге асыруға арналған лицензияны қайта ресімдеу туралы хабарлама не банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензияны қайта ресімдеуден дәлелді бас тарту жібереді.

Порталда қайта ресімделген лицензияның электрондық көшірмесін қоса бере отырып, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензияны қайта ресімдеу туралы хабарлама не банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензияны қайта ресімдеуден дәлелді бас тарту көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинетке" жіберіледі.

Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензияны қайта ресімдеуден бас тарту үшін негіздер болған кезде лицензияны қайта ресімдеу туралы өтінішті қарау мерзімі лицензияны қайта ресімдеу туралы өтінішті дұрыс қарау үшін маңызы бар нақты мән-жайларды белгілеу қажеттігіне байланысты көрсетілетін қызметті беруші басшысының немесе оның орынбасарының дәлелді шешімімен ақылға қонымды мерзімге, бірақ 2 (екі) айдан аспайтын мерзімге ұзартылады, бұл туралы көрсетілетін қызметті алушыға ӘРПК-нің 76-бабының 3-бөлігіне сәйкес мерзім ұзартылған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабарланады.

13. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензияның телнұсқасын беруге өтініш келіп түскен кезде (егер бұрын берілген лицензия қағаз нысанда ресімделген болса) көрсетілетін қызметті берушінің хат-хабарды қабылдауға және тіркеуге уәкілетті қызметкері лицензияның телнұсқасын беруге өтініш келіп түскен күні оны қабылдауды, тіркеуді және жауапты бөлімшеге орындауға жіберуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушының өтініші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және Мерекелер туралы заңға сәйкес демалыс және мереке күндері келіп түскен кезде өтініштерді қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Жауапты бөлімшенің қызметкері 2 (екі) жұмыс күні ішінде (мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі шегінде) ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды, лицензия телнұсқасының не лицензияның телнұсқасын беруден уәжді бас тартудың жобасын дайындайды, көрсетілетін қызметті берушінің басшысында лицензияның телнұсқасына не бас тартуға қол қояды, лицензияның телнұсқасын қоса бере отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы көрсетілетін қызметті алушыға лицензияның телнұсқасын беру туралы хабарламаны не лицензияның телнұсқасын беруден уәжді бас тартуды жібереді.

14. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті органының шешімі негізінде көрсетілетін қызметті берушіге Қағидаларға 5-қосымшаға

сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті берушіге ерікті түрде жүгінуге байланысты банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензияның қолданылуын тоқтату туралы өтінішпен (бұдан әрі – лицензияның қолданылуын тоқтату туралы өтініш) барлық немесе жеке банк операциялары бойынша барлық міндеттеме орындалғаннан кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде жүгінеді.

15. Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушіге банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензияның қолданылуын тоқтату туралы ерікті өтініші туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті алушы лицензияның қолданылуын тоқтату туралы көрсетілетін қызметті берушіге өтініш берілген күнге дейін күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның интернет-ресурсында, Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында қазақ және орыс тілдерінде жариялайды.

16. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензияның қолданылуын тоқтату туралы ерікті түрде жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушы қызметті алушының атқарушы органының басшысы не оның міндетін атқарушы адам қол қойған (міндеттерін атқаруды жүктеу туралы растайтын құжаттың көшірмесін ұсына отырып) лицензияның қолданылуын тоқтату туралы өтінішті ұсынады. Лицензияның қолданылуын тоқтату туралы өтінішке көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы не портал арқылы электрондық түрде қағаз жеткізгіште мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті органының көрсетілетін қызметті берушіге банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензияның қолданылуын тоқтату туралы ерікті түрде жүгінуге туралы шешімі;

2) банк операциялары бойынша міндеттемелердің және қолданыстағы шарттардың жоқ екендігі туралы көрсетілетін қызметті алушының (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдарын қоспағанда) кепілдік-хаты.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдары банк операциялары бойынша міндеттемелердің жоқ екендігі туралы кепілдік-хат ұсынады;

3) лицензияның қолданылуын тоқтату туралы өтініш жіберілген күннің алдындағы соңғы жұмыс күніндегі жағдай бойынша жасалған бухгалтерлік баланс және оған түсіндірме жазба қоса беріледі. Бухгалтерлік балансқа түсіндірме жазбада көрсетілетін қызметті алушының кредиторлары туралы ақпарат (олар болған кезде) кредиторлық берешек сомалары және олардың туындау негіздері көрсетіле отырып жария етіледі;

4) көрсетілетін қызметті алушының Қағидалардың 15-тармағының талаптарын орындалғанын растайтын ақпарат.

17. Көрсетілетін қызметті берушіге ерікті түрде жүгінуге байланысты банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензияның қолданылуын тоқтату туралы өтінішті көрсетілетін қызметті беруші Қағидалардың 16-тармағында көрсетілген құжаттарды алған күннен бастап 3 (үш) ай ішінде қарайды.

18. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензияның қолданылуын тоқтату туралы көрсетілетін қызметті берушіге ерікті түрде жүгіну көрсетілетін қызметті алушы мынадай талаптарды орындаған:

1) Қағидалардың 16-тармағында көрсетілген құжаттардың толық топтамасы ұсынылған;

2) көрсетілетін қызметті алушыда (Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдарын қоспағанда) банк операциялары бойынша міндеттемелер және қолданыстағы шарттар болмаған, ал Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдары бойынша - банк операциялары бойынша міндеттемелер болмаған кезде жүргізіледі.

19. Көрсетілетін қызметті алушы Қағидалардың 18-тармағында көзделген талаптарды орындамаған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензияның қолданылуын тоқтатудан бас тартады. Көрсетілетін қызметті алушы лицензияның қолданылуын тоқтату туралы өтінішті қайта ұсынған кезде көрсетілетін қызметті берушінің оны қарау мерзімін есептеу оны қайта ұсынған күннен басталады.

Ұсынылған құжаттар бойынша ресімдеу бөлігінде ескертулер болған кезде және (немесе) арифметикалық қателер болған кезде көрсетілетін қызметті беруші Қағидалардың 17-тармағында көрсетілген оларды қарау мерзімдері ішінде көрсетілетін қызметті алушыға оларды жою және Қазақстан Республикасы банк заңнамасының талаптарына сәйкес келетін пысықталған (түзетілген) құжаттарды ұсыну үшін ескертулері бар хат жібереді.

20. Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушінің банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға арналған лицензияның қолданысын тоқтату мүмкіндігі туралы хатын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей қағаз жеткізгіште берілген лицензияның түпнұсқасын көрсетілетін қызметті берушіге қайтарады.

4-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

21. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану жазбаша түрде жүргізіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды көрсетілетін қызметті берушінің жоғары тұрған лауазымды адамы, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган жүргізеді.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі және аты-жөні, берілген шағымға алынатын жауаптың мерзімі мен орнын көрсете отырып тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Портал арқылы өтініш берген жағдайда шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығының 8-800-080-7777 немесе 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Шағым портал арқылы жіберілген жағдайда көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинеттен" шағым туралы ақпарат қолжетімді болады, ол көрсетілетін қызметті берушінің шағымды өңдеу (жеткізу, тіркеу, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылып отырады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау бойынша көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен шағымы оны тіркеген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

22. Шағымда мыналар:

- 1) көрсетілетін қызметті алушының толық атауы, пошталық мекенжайы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі;
- 2) көрсетілетін қызметті берушінің атауы және (немесе) іс-әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым келтірілген лауазымды адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса);
- 3) шағым берген адам өзінің талаптары мен дәлелдерін негіздейтін жағдайлар;
- 4) шағымның шығыс нөмірі және берілген күні;
- 5) шағымға қоса берілетін құжаттардың тізбесі көрсетіледі.

Шағымға көрсетілетін қызметті алушы не оның өкілі болып табылатын тұлға қол қояды.

23. Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағымданғаннан кейін жол беріледі.

Банк операцияларының
жекелеген түрлерін жүзеге асыратын
ұйымдарға лицензия беру
қағидаларына
1-қосымша

Мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптар тізбесі

--	--

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы		Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензия беру
Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы		1. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензия беру; 2. Лицензияны қайта ресімдеу; 3. Лицензияның телнұсқасын беру
1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (бұдан әрі - уәкілетті орган).
2.	Мемлекеттік қызметтерді көрсету тәсілдері	"Цифрлық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал); көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі.
3.	Мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімі	Көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған күннен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген күннен бастап: 1. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензия (бұдан әрі – лицензия) беру кезінде - 30 (отыз) жұмыс күні ішінде; 2. Лицензияны қайта ресімдеу кезінде-15 (он бес) жұмыс күні ішінде; 3. Лицензияның телнұсқаларын беру кезінде-2 (екі) жұмыс күні ішінде.
4.	Мемлекеттік қызметтерді көрсету нысаны	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің барлық кіші түрлері бойынша электрондық (ішінара автоматтандырылған) және қағаз түрінде
5.	Мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижелері	Лицензия беру, лицензияны қайта ресімдеу, лицензияны қоса бере отырып, лицензияның телнұсқасын беру туралы хабарлама не мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту туралы дәлелді жауап.
		1) лицензия бергені үшін лицензиялық алым 400 (төрт жүз) айлық есептік көрсеткішті құрайды;

6.	<p>Көрсетілетін қызметті алушыдан мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде өндіріп алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген жағдайларда оны өндіріп алу тәсілдері</p>	<p>2) лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензиялық алым осы тармақтың 1) тармақшасында белгіленген мөлшерлеменің 10 (он) пайызын құрайды;</p> <p>3) лицензияның телнұсқасын беру үшін лицензиялық алым осы тармақтың 1) тармақшасында белгіленген мөлшерлеменің 10 (он) пайызын құрайды.</p> <p>Лицензиялық алымды төлеу екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасының аумағында ашылған Қазақстан Республикасы бейрезидент банктерінің филиалдары немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз нысанда, сондай-ақ "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады.</p>
7.	Жұмыс кестесі	<p>1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Мерекелер туралы заң) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;</p> <p>өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру кестесі сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін;</p> <p>2) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және Мерекелер туралы заңға сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету</p>

		<p>нәтижелерін жіберу келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.</p>
		<p>Көрсетілетін қызметті алушы банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензия алу үшін алғаш рет портал арқылы жүгінген кезде:</p> <p>1) өтініш берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦК) куәландырылған электрондық құжат түріндегі Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға лицензия беру қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензия беру туралы өтініш (тұлғаның өтініш беруге өкілеттігін растайтын құжаттардың көшірмелерін және оған қоса берілетін құжаттар мен мәліметтерді қоса бере отырып), онда өтініш беруші өз қызметін жүзеге асыруды жоспарланып отырған бастауға байланысты барлық ұйымдастыру-техникалық іс-шаралардың орындалғанын растайды;</p> <p>2) "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыру құқығы үшін лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;</p> <p>3) осы тармақтың екінші бөлігінің 3), 4), 5) 6), 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген құжаттың электрондық көшірмесі.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензия алу үшін көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне алғаш рет жүгінген кезде:</p> <p>1) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензия беру туралы өтініш (тұлғаның</p>

өтініш беруге өкілеттігін растайтын құжаттарды және оған қоса берілетін құжаттар мен мәліметтерді қоса бере отырып), онда өтініш беруші өз қызметін жүзеге асыруды жоспарланып отырған бастауға байланысты барлық ұйымдастыру-техникалық іс-шаралардың орындалғанын растайды;

2) "цифрлық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы төлеу жағдайларын қоспағанда, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыру құқығы үшін лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

3) көрсетілетін қызметті алушының тиісті органының банк операцияларының жекелеген түрлерін жоспарланып отырған жүзеге асыру туралы шешімінің көшірмесі, сондай-ақ жарғының көшірмесі (салыстырып тексеру үшін жарғының түпнұсқасы ұсынылмаған жағдайда нотариат куәландырған);

4) құжаттарды ұсыну күнінің алдындағы күнгі жағдай бойынша Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың банк операцияларын жүргізу үшін біліктілік талаптарына 1-қосымшаға, сондай-ақ осы қаулыға 2-қосымшада белгіленген біліктілік талаптарына (бұдан әрі – Біліктілік талаптары) сәйкестігін растайтын құжаттардың тізбесіне сәйкестігін растайтын құжаттар тізбесіне сәйкес заңды тұлға болып табылатын банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның акционері (қатысушысы) туралы мәліметтер;

5) Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың банк операцияларын жүргізу үшін біліктілік талаптарына, сондай-ақ көрсетілген біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттар

Мемлекеттік қызметтер көрсету үшін қажетті көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

тізбесіне 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке басты куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесін қоса бере отырып (шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар үшін), банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның басшы қызметкерлері, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның акционері (қатысушысы) - заңды тұлғасының басшы қызметкерлері туралы, акционер (қатысушы) жеке тұлға туралы мәліметтер;

б) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның басшы қызметкерлерінде, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым акционерінің (қатысушысының)-заңды тұлғасының басшы қызметкерлерінде, акционер (қатысушы)-жеке тұлғада азаматтығы бар елдің мемлекеттік органы (тұрақты тұратын елдің - азаматтығы жоқ адамдар үшін) берген азаматтығы бар елде (шетелдіктер үшін) немесе тұрақты тұратын елде (азаматтығы жоқ адамдар үшін) қылмыстары үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығының болмауы туралы құжаттың көшірмесі. Егер банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның басшы қызметкері, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым акционерінің (қатысушысының)-заңды тұлғасының басшы қызметкері, акционер (қатысушы)-жеке тұлға соңғы 10 (он) жыл ішінде азаматтығы бар елден тыс жерде тұрақты тұрған болса, кандидат соңғы 10 (он) жыл бойы тұрақты тұрған елде қылмыстары үшін алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқтығы туралы құжаттың электрондық көшірмесін ұсынады. Көрсетілген құжаттарды беру күні өтініш

берілген күннің алдындағы 3 (үш) айдан аспайды (ұсынылатын құжатта оның қолданыс мерзімі көрсетілген өзге жағдайларды қоспағанда). Егер мемлекеттік органы алынбаған немесе өтелмеген соттылығының жоқтығы туралы мәліметтерді растауға уәкілетті елдің заңнамасында көрсетілген мәліметтер сұратылатын адамдарға растайтын құжаттарды беру көзделмесе, онда тиісті растау кандидат соңғы 10 (он) жыл бойы тұрақты тұрған азаматтығы бар елдің (шетелдіктер үшін) немесе тұрақты тұратын елдің (азаматтығы жоқ адамдар үшін) мемлекеттік органының хатымен уәкілетті органның атына жіберіледі;

